



Жерлесіміз Ахмет бабамыздың мүсінін салды

**Қаламыздың тұрғыны, белігілі мүсінші Сапарбек
ҰЗАҚОВ Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына
орай алаш ардақтысының портретін салып шықты.**

Мусінге Ахмет бабамыздың үрпақтары тапсырыс бер- паевтың, Тобыл қаласындағы Н. Наушабаевтың, Аманкелді ау-

ген. «Бұл психологиялық портрет болғандықтан көп уақыт зерттеуді қажет етті. Ахмет атамыздың түрлі фотосуреттерін зерделеп, ол кісіге үк-сайтын адамдардың отырысын асықпай қарап, мүсінді толық аяқтағанша екі ай уақыт кетті. Сөйтіп, Ахаңның болашаққа үмітпен қарап тұрған кейіптегі портретін жасап шығардым», - дейді мүсіншінің өзі.

Биіктігі 20 метр, ені 1 метр болатын ескерткіш Ақкөлде қайта салынған Ахмет Байтұрсынұлының музей - үйінің алаңынан орын алды. Мүсін Ахмет атамыздың тұған күнінде салтанатты түрде ашылып, көпшілік шын шебердің туындысына тәнті болды.

Еске сала кетсек, Сапарбек ЭБІЛБЕКҰЛЫ бұған дейін де жасап шығарған бірнеше туындыларымен танымал. Торғай селосындағы Қ. Жармағанбетовтің, Сарысу ауылындағы Қ. То-

даны, Есір ауылындағы Нұргалиевтің, қаламыздағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайындағы Ө. Жәнібековтің мүсіні, гимназия мұражайында орналасқан Ы. Алтынсариннің шәкірттерімен тұрған бейнесі, «Ардагерлер» саябағындағы екі жастың сүйіспеншілігінің символын бейнелеген туынды осы Сапарбек ЭБІЛОВТІҢ қолынан шыққан. Қазіргі уақытта уақ Жұмабай ақынның мүсінін аяқтау үстінде екен. Ол туынды жуықта қаламыздан орын алып, көпшіліктің көзайымына айналмақ.

Эркез ізденіс үсітінде жүретін шебер онға тарта еңбекін жуықта Қостанай қаласында өткен Түркі әлемдерінің фестивалінде келушілер назарына ұсынып, шеберлік сағатын көрсетіп қайтты. Өзі Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Ы. Алтынсарин атындағы АрқПИ бейнелеу өнерінің доценті.

